

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 89 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 қаңтарда № 19951 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 17 қазанда жарияланған) бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

2 "Салықтық емес түсімдер" санатында:

04 "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар" сыныбында:

1 "Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар" кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы 74 ерекшелікпен толықтырылсын:

"74 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар";

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобында:

2 "Қаржылық қызмет" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 001 бюджеттік бағдарламасы және 100, 103, 104, 111 және 123 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 625 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"625 Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

001 Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру

100 Қаржы нарығын реттеуді және дамытуды қамтамасыз ету

103 Әлеуметтанушылық, талдамалық зерттеулер жүргізу және консалтингтік қызметтер көрсету

104 Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету

111 Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің күрделі шығыстары

123 Ағымдағы әкімшілік шығыстар";

мынадай мазмұндағы 100, 101, 105, 109, 114, 119 және 139 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу

101 Өкілдік шығындарға арналған қаражат есебінен іс-шаралар өткізу

105 Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

114 Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша орталық мемлекеттік органдардың міндеттемелерін орындау

119 Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резерві есебінен іс-шаралар өткізу

139 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу";

9 "Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер" функционалдық кіші тобында:

406 "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

007 "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 102 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"102 Экономика, мемлекеттік басқару және өңірлік даму саласында талдамалық және консалтингтік қызметтер көрсету";

04 "Білім беру" функционалдық тобында:

2 "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру" функционалдық кіші тобында:

225 "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

099 "Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 107 және 127 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"107 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға және Алматы облысының облыстық бюджетіне, Алматы қаласының бюджетіне орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері

127 Жеке орта білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру";

271 "Облыстың құрылыс басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 079 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"079 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

06 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру" функционалдық тобында:

1 "Әлеуметтік қамсыздандыру" функционалдық кіші тобында:

256 "Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 005 және 084 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"005 Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

084 Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75-жылдығына арналған мерекелік іс-шараларды өткізу

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

451 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011, 015 және 028 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 084 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"084 Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75-жылдығына арналған мерекелік іс-шараларды өткізу

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен";

2 "Әлеуметтік көмек" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 011, 015 және 028 бюджеттік кіші бағдарламалары бар және 068 бюджеттік бағдарламасымен 485 бюджеттік бағдарлама әкімшісімен толықтырылсын:

"485 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі

068 Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен";

07 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында:

1 "Тұрғын үй шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

271 "Облыстың құрылыс басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша: мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 014 және 027 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"014 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

027 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 201 және 202 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"201 Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

202 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

279 "Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 086 және 087 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"086 Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

087 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

288 "Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 014 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"014 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 086 және 087 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"086 Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

087 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

327 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік әл-ауқат басқармасы", 333 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" және 341 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша:

мынадай мазмұндағы 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 027 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"027 Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

371 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы", 373 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы" және 383 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша:

мынадай мазмұндағы 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 081 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"081 Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

458 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі", 466 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі", 467 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі", 472 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі", 483 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі", 487 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі", 491 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй қатынастары бөлімі", 492 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі", 495 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі", 497 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" және 809 "Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша:

мынадай мазмұндағы 013, 015 және 020 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 081 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"081 Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

020 Облыстық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен";

2 "Коммуналдық шаруашылық" функционалдық кіші тобында:

249 "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

229 "Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыру" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"229 Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыру";

271 "Облыстың құрылыс басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша: мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 058 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"058 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

279 "Облыстың Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 010 және 030 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"010 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

030 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобында:

1 "Ауыл шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

255 "Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы", 326 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы", 334 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы

", 349 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" және 741 "Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшілер бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 074 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"074 Көпжылдық екпелерді субсидиялау

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

11 "Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі" функционалдық тобында:

2 "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі" функционалдық кіші тобында:

288 "Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 129 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"129 Түркістан облысы Арыс қаласындағы төтенше жағдайлардың салдарын жою бойынша ағымдағы іс-шаралар өткізу";

13 "Басқалар" функционалдық тобында:

3 "Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау" функционалдық кіші тобында:

279 "Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 052 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"052 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен".

2. "Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты мен Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесі" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9760 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 15 қазанда жарияланған) бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджет түсімдерін бюджеттер деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты мен Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесінде:

2 "Салықтық емес түсімдер" санатында:

04 "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар" сыныбында:

1 "Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар" кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы ерекшелікпен толықтырылсын:

!!

Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 04 1 74 100
--	---------------

11

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті
(З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің м.а

Б. Шолпанкулов